

## "2011-2013 жылдарға арналған аудан бюджеті туралы"

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 37-1 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жалағаш аудандық әділет басқармасында 2011 жылы 10 қаңтарда N 10-6-175 тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2012 жылғы 14 мамырдағы N 117 хаты)

**Ескерту. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2012.05.14 N 117 хаты).**

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2011-2013 жылдарға арналған аудан бюджеті тиісінше 1, 2, 3 - қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2011 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

- 1) кірістер – 4 498 656 мың теңге, оның ішінде:  
салықтық түсімдер – 873 451 мың теңге;  
салықтық емес түсімдер – 6 875 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 3 099 мың теңге;  
трансферттер түсімі – 3 615 231 мың теңге;

- 2) шығындар – 4 593 279 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу - 108 496 мың теңге;  
бюджеттік кредиттер - 114 075 мың теңге;  
бюджеттік кредиттерді өтеу - 5 579 мың теңге;

- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0:  
қаржы активтерін сатып алу - 0;  
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 260 058 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 260 058

м ы ң

т е ң г е

қарыздар түсімі – 115 146 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 56 939 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 144 912 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.02.10 N 38-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2011.03.09 N 39-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2011.04.06 N 40-4 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2011.04.27 N 41-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2011.07.12 N 44-2 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2011.09.05 N 46-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2011.11.14 N 48-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2011.12.12 N 50-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.**

1-1. Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

"Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары" деген бюджеттік бағдарламадан 500 мың теңге қысқартылып, ол "Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" деген бюджеттік бағдарламаға ауыстырылсын.";

"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

"Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру" деген бюджеттік бағдарламадан 15 000 мың теңге қысқартылып, ол "Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру" деген бюджеттік бағдарламаға ауыстырылсын.

**Ескерту. Шешім 1-1 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.02.10 N 38-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

1-2. 2011 жылға арналған аудан бюджетінің кірістерінің жылдық болжамы бойынша заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салына-тын салық 60 000 мың теңгеге көбейтілсін.

**Ескерту. Шешім 1-2 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.04.27 N 41-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

1-3. 2011 жылға арналған аудан бюджетінің шығыстары бойынша келесі бюджеттік бағдарламалардан қысқартылсын:

"Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі б о й ы н ш а :

"Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" деген

бюджеттік бағдарламадан 194 мың теңге.

"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

"Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету" деген бюджеттік бағдарламадан 9 635 мың теңге;

"Жалпы білім беру" деген бюджеттік бағдарламадан 6 848 мың теңге;

"Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу" деген бюджеттік бағдарламадан 25 мың теңге.

"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

"Мәдени-демалыс жұмысын қолдау" деген бюджеттік бағдарламадан 678 мың теңге.

"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

"Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары" деген бюджеттік бағдарламадан 154 мың теңге.

**Ескерту. Шешім 1-3 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.04.27 N 41-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

1-4. 2011 жылға арналған аудан бюджетінің шығыстары бойынша қосымша шығындар келесі бюджеттік бағдарламаларға бағытталсын:

"Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

"Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" деген бюджеттік бағдарламаға 900 мың теңге;

"Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою" деген бюджеттік бағдарламаға 1 000 мың теңге.

"Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

"Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" деген бюджеттік бағдарламаға 474 мың теңге;

"Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру" деген бюджеттік бағдарламаға 500 мың теңге.

"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

"Балаларға қосымша білім беру" деген бюджеттік бағдарламаға 360 мың теңге.

"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

"Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау" деген бюджеттік бағдарламаға 16 148 мың теңге.

"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

"Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" деген бюджеттік бағдарламаға 2 000 мың теңге;

"Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру" деген бюджеттік бағдарламаға 3 100 мың теңге;

"Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру" деген бюджеттік бағдарламаға 52 374 мың теңге.

"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

"Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" деген бюджеттік бағдарламаға 678 мың теңге.

**Ескерту. Шешім 1-4 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.04.27 N 41-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

1-5. 2011 жылға арналған аудан бюджетінің кірістерінің жылдық болжамы бойынша заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық 32 748 мың теңгеге азайтылсын.

**Ескерту. Шешім 1-5 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.07.12 N 44-2 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

1-6. 2011 жылға арналған аудан бюджетінің шығыстары бойынша келесі бюджеттік бағдарламалардан қысқартылсын:

"Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

"Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары" деген бюджеттік бағдарламадан 390 мың теңге.

"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

"Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету" деген бюджеттік бағдарламадан 400 мың теңге;

"Жалпы білім беру" деген бюджеттік бағдарламадан 11 976 мың теңге.

"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша :

"Еңбекпен қамту бағдарламасы" деген бюджеттік бағдарламадан 1 856 мың теңге ;

"Тұрғын үй көмегі" деген бюджеттік бағдарламадан 4 000 мың теңге;

"Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" деген бюджеттік бағдарламадан 411 мың теңге ;

"18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар" деген бюджеттік бағдарламадан 3 000 мың теңге .

"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

"Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру" деген бюджеттік бағдарламадан 63 мың теңге ;

"Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру" деген бюджеттік бағдарламадан 24 932 мың теңге .

"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

"Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары" деген бюджеттік бағдарламадан 25 мың теңге .

"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

"Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары" деген бюджеттік бағдарламадан 25 мың теңге ;

"Спорт және туризм объектілерін дамыту" деген бюджеттік бағдарламадан 2 300 мың теңге ;

"Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту" деген бюджеттік бағдарламадан 9 мың теңге .

**Ескерту. Шешім 1-6 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.07.12 N 44-2 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

1-7. 2011 жылға арналған аудан бюджетінің шығыстары бойынша қосым-шашығындар келесі бюджеттік бағдарламаларға бағытталсын:

"Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

"Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" деген бюджеттік бағдарламаға 2 682 мың теңге.

"Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша :

"Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" деген бюджеттік бағдарламаға 1 193 мың теңге;

"Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру" деген бюджеттік бағдарламаға 309 мың теңге ;

"Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру" деген бюджеттік бағдарламаға 646 мың теңге .

"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша :

"Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету" деген бюджеттік бағдарламаға 2 173 мың теңге;

"Балаларға қосымша білім беру" деген бюджеттік бағдарламаға 400 мың теңге .

"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша :

"Мүгедектерді оналту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсетуі" деген бюджеттік бағдарламаға 500 мың теңге ;

"Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" деген бюджеттік бағдарламаға 500 мың теңге.

"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша :

"Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі" деген бюджеттік бағдарламаға 5 600 мың теңге ;

"Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру" деген бюджеттік бағдарламаға 2 506 мың теңге .

"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша :

"Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер" деген бюджеттік бағдарламаға 130 мың теңге" .

**Ескерту. Шешім 1-7 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш**

аудандық мәслихатының 2011.07.12 N 44-2 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

1-8. 2011 жылға арналған аудан бюджетінің кірістерінің жылдық болжамы бойынша заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық 16 946 мың теңгеге азайтылсын.

Ескерту. Шешім 1-8 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.09.05 N 46-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2011.11.14 N 48-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

1-9. 2011 жылға арналған аудан бюджетінің шығыстары бойынша келесі бюджеттік бағдарламадан қысқартылсын:

"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

"Жалпы білім беру" деген бюджеттік бағдарламадан 9 619 мың теңге.

Ескерту. Шешім 1-9 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.09.05 N 46-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

1-10. 2011 жылға арналған аудан бюджетінің бюджеттік бағдарламаларынан қысқартылған қаржылары 8-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. Шешім 1-10 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.11.14 N 48-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

1-11. 2011 жылға арналған аудан бюджетінің бюджеттік бағдарламаларына көбейтуге бағытталған шығындары 9-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. Шешім 1-11 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.11.14 N 48-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

1-12. "2011-2013 жылдарға арналған аудан бюджеті туралы" Жалағаш аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы XXXVII сессиясының N 37-1 шешімін іске асыру туралы" Жалағаш ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 10 қаңтардағы N 39 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Жалағаш ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 22 қыркүйектегі N 302 қаулысымен келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені ескерілсін:

"Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

"Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" деген бюджеттік бағдарламадан 1 164 мың теңге қысқартылғаны;

"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі" деген бюджеттік

бағдарлама

әкімшісі

бойынша:

"Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген бюджеттік бағдарламаға 1 164 мың теңге бағытталғаны.

**Ескерту. Шешім 1-12 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.11.14 N 48-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

1-13. 2011 жылға арналған аудан бюджетінің кірістерінің жылдық болжамына өзгерістер 10-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

**Ескерту. Шешім 1-13 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.12.12 N 50-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

2. Аудан бюджеті кірістерінің құрамында ауданға бөлу нормативі жеке табыс салығы 100 пайыз, әлеуметтік салық 90 пайыз болып белгіленгені ескерілсін.

3. 2011 жылға арналған аудан бюджетіне облыстық бюджеттің қаражаты есебінен барлығы 33 553 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер қаралғаны ескерілсін,

оның ішінде: жаңадан іске қосылатын санаторлық типтегі бала бақшаны ұстауға 32 994 мың теңге;

білім беру ұйымдарында балалардың құқығын қорғау жөніндегі инспекторларды ұстауға 559 мың теңге.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - 2011.09.05 N 46-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

3-1. 2011 жылға арналған аудан бюджетіне республикалық бюджеттің қаржысы есебінен төмендегі көлемде ағымдағы нысаналы трансферттер қаралғаны ескерілсін:

эпизоотияға қарсы шараларды жүргізуге 22 161 мың теңге;

ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін 9 592 мың теңге;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға 65 103 мың теңге;

орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға 8 140 мың теңге;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиалық кабинеттер құруға 10 628 мың теңге;

үйде оқитын мүгедек балаларды жабдықтармен, бағдарламалық қамтыммен



қамтамасыз етуге 8 936 мың теңге;  
арнайы әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізуге 10 371 мың теңге.

Ескерту. Шешім 3-1 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.02.10 N 38-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2011.11.14 N 48-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

3-2. "Бизнестің жол картасы- 2020" бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдауға 2011 жылға арналған аудан бюджетіне республикалық бюджеттің қаржысы есебінен 7 800 мың теңге қаралғаны ескерілсін.

Ескерту. Шешім 3-2 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.02.10 N 38-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

3-3. 2011 жылға арналған аудан бюджетіне облыстық бюджеттің қаржысы есебінен төмендегі көлемде ағымдағы нысаналы трансферттер қаралғаны ескерілсін:

аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын (қала, елді мекен көшелерін) күрделі және орташа жөндеуден өткізуге 135 863 мың теңге.

Ескерту. Шешім 3-3 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.03.09 N 39-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2011.09.05 N 46-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

3-4. Облыстық бюджеттен аудан бюджетіне 2010 жылы бөлінген трансферттерден пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) 705 мың теңге облыстық бюджетке қайтарылатыны ескерілсін.

Ескерту. Шешім 3-4 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.03.09 N 39-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

3-5. Республикалық бюджеттен аудан бюджетіне 2010 жылы бөлінген трансферттерден пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) 48 415 мың теңге облыстық бюджетке қайтарылатыны ескерілсін.

Ескерту. Шешім 3-5 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.03.09 N 39-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

3-6. 2011 жылға арналған аудан бюджетіне облыстық бюджеттің қаржысы есебінен төмендегі көлемде ағымдағы нысаналы трансферттер қаралғаны ескерілсін,

оның ішінде:  
мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына бір жолғы әлеуметтік көмекке 10 291 мың теңге;

мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға 11 034

м ы ң т е ң г е ;

"Еңбек-Ақарық-Жаңадария" автомобиль жолындағы көпірді күрделі жөн-деуге 7 664 мың теңге.

Ескерту. Шешім 3-6 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.04.06 N 40-4 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2011.09.05 N 46-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

3-7. 2011 жылға арналған аудан бюджетіне республикалық бюджеттің қаржысы есебінен төмендегі көлемде ағымдағы нысаналы трансферттер қаралғаны ескерілсін, оның ішінде:

эпизоотияға қарсы шараларды жүргізуге 1 640 мың теңге;  
мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы көлемін ұлғайтуға 13 756 мың теңге;  
жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдеріне 5 972 мың теңге;

Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасына қатысушыларға мемлекеттік қол-дау шараларын көрсетуге 15 810 мың теңге.

Ескерту. Шешім 3-7 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.04.06 N 40-4 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2011.11.14 N 48-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

3-8. 2011 жылға арналған аудан бюджетіне республикалық бюджеттің қаржысы есебінен төмендегі көлемде нысаналы даму трансферттері қаралғаны ескерілсін, оның ішінде:

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға 32 300 мың теңге;  
Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға 14 000 мың теңге.

Ескерту. Шешім 3-8 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.04.06 N 40-4 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

3-9. 2011 жылға арналған аудан бюджетіне республикалық бюджеттің қаржысы есебінен 49 000 мың теңге тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға кредит берілгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 3-9 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.04.06 N 40-4 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

3-10. 2010 жылы республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттердің пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомасын 2011

жылы пайдалануға (толық пайдалануға) аудан бюджетіне төмендегі көлемде ағымдағы нысаналы трансферттер қаралғаны ескерілсін, оның ішінде: жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға 10 597 мың теңге; М.Шәменов ауылында абаттандыру және көгалдандыруға 1 289 мың теңге; ветеринария саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бөлімдерін ұстауға 1 819 мың теңге; ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін 1 413 мың теңге.

**Ескерту. Шешім 3-10 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.04.06 N 40-4 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

3-11. 2011 жылға арналған аудан бюджетіне облыстық бюджеттің қаржысы есебінен білім беру мекемелерінің жылу беру маусымына дайындығына 9 619 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер қаралғаны ескерілсін.

**Ескерту. Шешім 3-11 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.09.05 N 46-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

3-12. 2011 жылға арналған аудан бюджетіне республикалық бюджеттің қаржысы есебінен төмендегі көлемде нысаналы даму трансферттер қаралғаны ескерілсін:

мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алуға 49 001 мың теңге.

**Ескерту. Шешім 3-12-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.12.12 N 50-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

4. 2011 жылға арналған аудан бюджетіне облыстық бюджеттің қаражаты есебінен барлығы 49 592 мың теңге нысаналы даму трансферттер қаралғаны ескерілсін, оның ішінде:

Жалағаш ауданы орталығындағы сумен жабдықтау жүйесін кеңейту және қайта құрылымдаудың 4-ші кезеңіне 49 592 мың теңге.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.07.12 N 44-2 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

4-1. 2011 жылға арналған аудан бюджетіне республикалық бюджеттің қаржысы есебінен төмендегі көлемде нысаналы даму трансферттері және кредиттері қаралғаны ескерілсін:

Жалағаш ауданы Жалағаш елді мекенінің сумен қамту жүйесін кеңейту және қайта құрылымдаудың 4-ші кезеңіне 632 480 мың теңге;

Жалағаш ауданында "Самара- Шымкент"- "Аққошқар- Жаңадария"

автомобиль жолын қайта жаңғыртуға 202 440 мың теңге; ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер 17 146 мың теңге.

**Ескерту. Шешім 4-1 тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.02.10 N 38-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

5. Ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес отын сатып алуға берілетін біржолғы әлеуметтік көмек мөлшері 4 500 теңге көлемінде белгіленсін.

6. Ауданның жергілікті атқарушы органының резерві 1 500 мың теңге болып бекітілсін.

7. 2011-2013 жылдарға арналған аудан бюджетінің бюджеттік даму бағдарламалары тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

8. 2011 жылға арналған кент, ауылдық округтері әкімдері аппараттарының бюджеттік бағдарламалары шығындары 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

9. 2011 жылға арналған аудан бюджетінің атқарылуы барысында секвестрлеуге жатпайтын бюджеттік бағдарламалар тізбесі 6-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

10. Осы шешім 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың

XXXVII-сессиясының төрағасы

А. АБЖАЛЕЛОВ

Аудандық мәслихат хатшысы

К. СҮЛЕЙМЕНОВ

2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 37-1 Жалағаш аудандық мәслихатының шешіміне 1-қосымша

## 2011 жылға арналған аудан бюджеті

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.12.12 N 50-1 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

Санаты			Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		
	Ішкі сыныбы		
	Атауы		
	Кірістер		4498656
1	Салықтық түсімдер		873451
	01	Табыс салығы	110462

	2	Жеке табыс салығы	110462
03		Әлеуметтік салық	100122
	1	Әлеуметтік салық	100122
04		Меншікке салынатын салықтар	649053
	1	Мүлікке салынатын салықтар	628676
	3	Жер салығы	2637
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	16040
	5	Бірыңғай жер салығы	1700
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	11968
	2	Акциздер	1698
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	5500
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	4694
	5	Ойын бизнесіне салық	76
08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	1846
	1	Мемлекеттік баж	1846
<b>2</b>		<b>Салықтық емес түсімдер</b>	<b>6875</b>
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	159
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	29
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	130
04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2260
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2260
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	4456
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	4456
<b>3</b>		<b>Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер</b>	<b>3099</b>
03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	3099
	1	Жерді сату	3099
<b>4</b>		<b>Трансферттердің түсімдері</b>	<b>3615231</b>
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғарғы тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3615231
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3615231
<b>Функционалдық топ</b>			<b>Сомасы, мың теңге</b>
	<b>Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі</b>		
	<b>Бағдарлама</b>		
	<b>Атауы</b>		
	<b>Шығыстар</b>		<b>4593279</b>

<b>01</b>		<b>Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер</b>	<b>277204</b>
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	21574
		003 Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	1000
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	57849
		003 Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	5208
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	
		001 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	156666
		022 Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	2400
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	
		001 Аудандық бюджетті орындау және коммуналдық меншікті (облыстық маңызы бар қала) саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16248
		003 Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	695
		011 Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	150
		018 Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	300
	453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	
		001 Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14814
		004 Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	300
<b>02</b>		<b>Қорғаныс</b>	<b>2422</b>
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	
		005 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	1495
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	
		006 Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	927
<b>03</b>		<b>Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі</b>	<b>1043</b>
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
		021 Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	1043
<b>04</b>		<b>Білім беру</b>	<b>2307652</b>
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	
		009 Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	301349
		021 Мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі ұйымдарың тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы көлемін ұлғайту	13756
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) білім бөлімі	
		003 Жалпы білім беру	1890218
		006 Балаларға қосымша білім беру	46228

464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) білім бөлімі	
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16844
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	8577
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	375
	012	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	250
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	5972
	020	Үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдықпен, бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз ету	8936
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	
	037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	15147
<b>05</b>		<b>Денсаулық сақтау</b>	<b>135</b>
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	
	002	Ерекше жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру	135
<b>06</b>		<b>Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру</b>	<b>242069</b>
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	
	002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	35213
	003	Қайтыс болған Совет Одағының батырларын, "Халық Қаһармандарын", Социалистік Еңбек ерлерін, Даңқ Орденінің үш дәрежесімен және "Отан" орденімен марапатталған соғыс ардагерлері мен мүгедектерін жерлеу рәсімдері бойынша қызмет көрсету	63
	004	Ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету , мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	10000
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	11382
	006	Тұрғын үй көмегі	12572
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	13464
	009	1999 жылдың 26 шілдесінде "Отан", "Даңқ" ордендерімен марапатталған, " Халық Қаһарманы" атағын және республиканың құрметті атақтарын алған азаматтарды әлеуметтік қолдау	207
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1851
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	33557
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	68834
	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсетуі	23407
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	8317

451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22356
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	646
	021	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	200
<b>07</b>		<b>Тұрғын үй -коммуналдық шаруашылық</b>	<b>988056</b>
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	
	003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алу	49000
	004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	32300
	022	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымдардың дамуы	14000
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
	012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	14792
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	
	006	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту	692496
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	
	008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	17939
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	10807
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	11965
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
	015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	18037
	018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	126720
<b>08</b>		<b>Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік</b>	<b>213881</b>
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	
	003	Мәдени- демалыс жұмысын қолдау	124233
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі	
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	370
	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	3445
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	
	008	Спорт және туризм объектілерін дамыту	2921
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	



	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	45183
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	535
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	
	002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	4888
	005	Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	1685
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9446
	010	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	150
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8710
	003	Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру	2140
	006	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	125
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі	
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9900
	004	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	150
10		<b>Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары</b>	<b>76945</b>
462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15563
	006	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	150
	099	Ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	11005
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	
	010	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	5161
473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8865
	003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	135
	006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	1665
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	1154
	008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	1315
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7675
	007	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	2096

	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	
	011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	22161
<b>11</b>		<b>Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі</b>	<b>35892</b>
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25325
	017	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	125
	468	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	
	001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10292
	004	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	150
<b>12</b>		<b>Көлік және коммуникация</b>	<b>365511</b>
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
	022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	202440
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	162582
	024	Кентішілік (қалаішілік) және ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру	489
<b>13</b>		<b>Басқалар</b>	<b>29929</b>
	469	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8635
	003	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	236
	004	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	150
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың ) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	
	022	"Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау	7800
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	1500
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11458
	013	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	150
<b>14</b>		<b>Борышқа қызмет көрсету</b>	<b>2256</b>
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	
	013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	2256
<b>15</b>		<b>Трансферттер</b>	<b>50284</b>
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	

	006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	49120
	024	Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1164
		<b>Таза бюджеттік кредиттеу</b>	<b>108496</b>
		Бюджеттік кредиттер	<b>114075</b>
<b>07</b>		<b>Тұрғын үй -коммуналдық шаруашылық</b>	<b>49000</b>
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	
	003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алу	49000
<b>10</b>		<b>Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары</b>	<b>65075</b>
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	
	008	Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	65075
<b>5</b>		<b>Бюджеттік кредиттерді өтеу</b>	<b>5579</b>
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	
	13	Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	5579
		<b>Бюджет тапшылығы (профициті)</b>	<b>-260058</b>
		Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	260058
<b>7</b>		<b>Қарыздар түсімі</b>	<b>115146</b>
	2	Қарыз алу келісім -шарттары	
	03	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар	115146
<b>16</b>		<b>Қарыздарды өтеу</b>	<b>56939</b>
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	
	008	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	56939
<b>8</b>		<b>Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары</b>	<b>144912</b>
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	144912
	01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	144912

2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 37-1  
Жалағаш аудандық мәслихатының  
шешіміне 2-қосымша

## 2012 жылға арналған аудан бюджеті

<b>Санаты</b>			<b>Сомасы мың теңге</b>
	<b>Сыныбы</b>		
		<b>Ішкі сыныбы</b>	
		<b>Атауы</b>	
		<b>Кірістер</b>	<b>3413352</b>

<b>1</b>		<b>Салықтық түсімдер</b>	<b>942146</b>
	01	Табыс салығы	129805
		2 Жеке табыс салығы	129805
	03	Әлеуметтік салық	107436
		1 Әлеуметтік салық	107436
	04	Меншікке салынатын салықтар	693946
		1 Мүлікке салынатын салықтар	675983
		3 Жер салығы	2663
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	13750
		5 Бірыңғай жер салығы	1550
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	9369
		2 Акциздер	1648
		3 Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	4500
		4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	3145
		5 Ойын бизнесіне салық	76
	08	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	1590
		1 Мемлекеттік баж	1590
